

"Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 264 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 10 желтоқсандағы № 1073 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 264 қаулысына өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында: реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Әкімшілік құқық бұзушылықтардың қазіргі құрамдарына арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру не оның қолданысын тоқтата тұру түріндегі санкцияны, сондай-ақ қызметті тоқтата тұруды немесе оған тыйым салуды тізілімнен алып тастауды көздейтін әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамдарын салалық нормативтік құқықтық актілерге ауыстыру мүмкіндігі тұрғысынан талдау жүргізу, себебі көрсетілген санкциялар әкімшілік рәсімді жүзеге асырумен байланысты	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	2022 жылғы қыркүйек	

Мынадай
мүмкіндіктерді
қарау:

1) әкімшілік құқық
бұзушылықтардың
әрқайсысында
қ ұ қ ы қ
бұзушылықтың
қоғамдық
қауіптілігінің
сипаты мен
дәрежесіне қарай
айыппұлдың шекті
мөлшері болатын
болмашы, елеулі
және өрескел құқық
бұзушылықтар
санаттарына
градация енгізу;
2) нормативтік
құқықтық
актілердің
нақтыланбаған
талаптары үшін
санкцияларды
қамтитын әкімшілік
қ ұ қ ы қ
бұзушылықтар
құрамын алып
тастау, уәкілетті
органдардың
позицияларын
ескере отырып,
диспозицияларды
түзету;
3) кәсіпкерлік
субъектілерінің
санатына қарай
айыппұл мөлшерін
айқындау кезінде
бірыңғай тәсілді
қалыптастыру (

сондай-ақ
мемлекеттік
бюджеттен
қаржыландырылаты
н ұйымдардың
лауазымды
адамдарының
жауапкершілігін
белгілеу)

Қазақстан
Республикасы
Президентінің
Әкімшілігіне
ұсыныстар

2022 жылғы қараша

Әділетмині, БП (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар

Жүргізілген талдау
қорытындылары
бойынша әкімшілік

жауаптылықты құқықтық жауаптылықтың басқа түрлерінен ажыратуға мүмкіндік беретін а й қ ы н өлшемшарттарды қамтитын әкімшілік қ ұ қ ы қ бұзушылықтың жаңа ұғымын тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2028 жылғы наурыз	
--	---	-------------------	--

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК